

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы N 57 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 119 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 119 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 тамыздағы № 842 қаулысы;

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 119 және 2005 жылғы 26 қазандағы № 1072 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1031 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*